ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЛОГИСТИКА МЕН КӨЛІКТЕ ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ПРОЦЕСТЕРДІ БАСҚАРУ МЕН ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІН ӨЗГЕРТЕДІ, БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ. БІЗ САПАЛЫ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН, ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІН САЛУ, АҚТАУ ПОРТЫНЫҢ ПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВИАЦИЯЛЫҚ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫНЫ ҚҰРУ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАЙМЫЗ.

Юрий ЛАВРИНЕНКО,
«KAZLOGISTICS» Қазақстанның көлікшілер одағы Президиумы төрағасының орынбасары




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№16 (2946)
16/02/2024




## СЕНАТТА ТЕМІРЖОЛ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

**Кеше Парламент Сенаты отырысында ҚТЖ-да атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар, жалпы саланың өзекті мәселелері сөз болып, сенаторлар сауалдарына Көлік министрі Марат Қарабаев пен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев жауап берді.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Көлік министрі ҚТЖ-ны ұлттық транзиттік-логистикалық компанияға айналдыру үшін жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Жалпы, ҚТЖ-ны ұлттық транзиттік-логистикалық компанияға айналдыру бойынша атқарылған жұмыстар екі бөліктен тұрады. Біріншісі – инфрақұрылым жасау, екіншісі – тасымалдау. Инфрақұрылым жасау бойынша Қытайдың Ляньюнган портында Қазақстан терминалы ашылған. Оның қуаты – 220 мың тонна. Бұдан бөлек, биыл бірінші кезең аясында Сиань портында тағы бір жаңа Қазақстан терминалы ашылды. Оның қуаты – 66 мың тонна. Ляньюнган портымен бірге Қорғаста арнаулы құрғақ жүктерге арналған терминал салынды. Одан кейін Алматыда Сиань портымен бірге құрғақ жүктерге арналған арнайы терминал құрылысын биыл бастаймыз. Сонымен қатар Ляньюнганмен тағы бір жобаны қолға алып, Ақтауда арнаулы терминал саламыз, – деді министр.

Оның айтуынша, ел ішіндегі жүктерді сыртқа шығару бағытында Әзербайжанның Алят портында Abu Dhabi Ports компаниясымен бірге терминал салу келесі жылға жоспарланған. Ал Грузияның Поти қаласында қазақстандық жеке кәсіпкер қуаты 480 мың тонналық терминал салған. Оған ҚТЖ консорциум ретінде кірді. Қытайдан Еуропаға дейін инфрақұрылым салу бағытындағы жоспар және атқарылған жұмыс осы. Яғни Қытай аумағында бір терминал бітті. Биыл 2 терминал құрылысы басталады. Келесі жылы тағы 2 терминал салу жоспарланған. Сонымен қатар министр жүк тасымалдау бағытында да тоқталды. ҚТЖ сингапурлық PSA International Pte Ltd компаниясымен бірлесіп, Транскаспий көлік дәлізі бойынша жүктерді тасымалдайтын бірыңғай компания құрды. Осы компания Еуропа мен Қытай арасында жүктерді тасымалдаумен айналысады. Ресейден Иран мен Пәкістанға шығатын жол бойынша Abu Dhabi Ports компаниясымен екіжақты келісімшартқа қол қойылып, еншілес компания ашылды. Бірақ жүк тасымалдау әлі басталған жоқ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев жолаушылар тасымалы және жол сапасына қатысты сауалдарға жауап берді.

– Қазақстанда бүгінде 16 мың км теміржол бар. 2,5 мың км жолдың пайдалану мерзімі өткен. Президент тапсырмасымен 2030 жылға дейін 11 мың км жолға жөндеу жүргізу жоспарланған. Былтыр теміржолдағы жөндеу жұмыстары екі есе көбейді, – деді ол.

Өткен жылы локомотивтердің күрт жетіспеу қаупі орын алған. Дегенмен, алдын ала тапсырыстың арқасында былтыр 119 локомотив сатып алынған. Биыл тағы 194, ал 2025 жылы 245 локомотив сатып алынбақ. Осылайша, тартым құралына қажеттілік толығымен шешіледі.

Спикерлердің мәліметінше, темір жолда жылдан-жылға жүк көлемі де, айналымы да артып келеді. Мысалы, былтыр жүк көлемі 297 млн тонна рекордтық көрсеткішке жеткен. Жүк айналымы да 7 пайызға өскен.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### ПО ИСПЫТАННОМУ МАРШРУТУ

**Казахстан отправил на экспорт аммиачную селитру по Транскаспийскому международному транспортному маршруту.**

Первую партию аммиачной селитры производства АО «КазАзот» погрузили и отправили по маршруту ТМТМ из порта Актау.

Груз единственного в Казахстане производителя азотных минеральных удобрений проследует морем в порт Говсаны (Азербайджан) и далее через грузинский порт Батуми будет доставлен на потребительские рынки Европы и мира.

В этот раз казахстанское судно «Туркестан» приняло в свои трюмы судовую партию в объеме три тысячи тонн, и до конца года производитель обеспечит не менее 16 таких партий.

Напомним, что перевалка грузов через морские порты Актау и Курык в рамках проекта Транскаспийского международного транспортного маршрута увеличилась на 86% по итогам 2023 года.

*Айлин БАУРЖАН, Астана*
*Фото автора*





**Сауле ИСТЛЕЕВА,**
директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» :

«ПО ИССЛЕДОВАНИЮ КОМПАНИИ АНКОР, СРЕДИ КРУПНЕЙШИХ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ КОМПАНИЙ ҚТЖ ВОШЛА В ТОП-3 ПРИВЛЕКАТЕЛЬНЫХ РАБОТОДАТЕЛЕЙ ОТРАСЛИ. ДЛЯ НАС ЭТО ХОРОШИЙ РЕЗУЛЬТАТ, И ОН ЦЕНЕН ТЕМ, ЧТО ЭТО ВНЕШНЯЯ НЕЗАВИСИМАЯ ОЦЕНКА»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ПО ТМТМ КУРСИРУЕТ

**13**

КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ С ШИРОКОЙ НОМЕНКЛАТУРОЙ ГРУЗОВ.

В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ СИСТЕМОЙ ПРЕМИРОВАНИЯ ПО ПРИНЦИПУ КОЭФФИЦИЕНТА ТРУДОВОГО УЧАСТИЯ ОХВАЧЕНО

**87%**

ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ПЕРСОНАЛА.

МИНИСТЕРСТВОМ ТРАНСПОРТА СФОРМИРОВАН ПУЛ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ НА ОБЩУЮ СУММУ БОЛЕЕ

**31 млрд**

ДОЛЛАРОВ В СФЕРАХ Ж/Д И МОРСКОГО ТРАНСПОРТА, АВИАЦИИ И АВТОДОРОГ.

**Форум**

## «ПЕРВИЧКИ» И ИХ ЛИДЕРЫ – ФУНДАМЕНТ ПРОФСОЮЗА

**В Астане стартовал трехдневный обучающий Форум профсоюзных работников АО «НК «ҚТЖ», который собрал более 100 участников из разных регионов Казахстана.**

**Любовь РОВБА,**
Астана

Организатором масштабного мероприятия выступило ОО «Казпрофтранс» совместно с HR-блоком компании. Для лидеров первичных профсоюзных организаций структурных подразделений Дирекции магистральной сети, ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и других дочерних организаций, 80% которых являются не освобожденными от основной деятельности председателями профсоюзных комитетов, предусмотрели насыщенную программу обучения. Она включала тематические мастер-классы, лекции, тренинги и обмен мнениями по актуальным вопросам. Площадкой проведения стал Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта.

Приветствуя участников форума во время церемонии открытия, заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов отметил необходимость укреплять связь между коллективом, руководителями на местах и топ-менеджментом компании для повышения эффективности работы, улучшения условий труда и сохранения социальной стабильности.

(Окончание на 3-й стр.)

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТӨТЕП БЕРДІ

**Өткен апта Ақтөбе облысының Хромтау ауданында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Бірнеше күн үздіксіз үйтқыған боран мен қалың қар күре жолдағы барлық байланысты үзді. Сұрапыл дауылда күшейтілген режимде жұмыс істеген жергілікті теміржолшылар ерлікке пара-пар еңбек үлгісін танытты.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Жолда қалған адамдар мен автокөліктерді қар құрсауынан шығару бойынша авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖД, полиция мен әскерилер жұмылдырылды. Төтенше табиғи жағдайдың эпицентрі болған Хромтау, Никельтау және Сарысай станцияларында теміржолшылар тәулік бойы тілсіз жаумен арпалысты.

Жолшылар үшін бұл күндер нағыз сын сағат болғаны анық. Әйтеке би станциясынан Никельтау, Жазық станцияларына дейін теміржол бойын тазартып, жалпы 307 км бойын, одан бөлек 68 км станциялық жолдарды қардан аршып, осы аралықтағы пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете білген аймақ теміржолшыларының еңбегі қандай марапатқа да лайық.

– Әсіресе циклон қатты болған жоғарыда аталған үш станция аралығына адам мен техника күшін төктік. Айтуға оңай, сол бір сұрапыл дауылда ашық далада жұмыс істеу тұрмақ, сыртқа шығудың өзі қиын болды. Біздің жолшылар станциялық жолдарды тазартып, күндіз-түні тәулік бойы жұмыс істеді. Техникадан бес СДПМ және СТРУГ техникалары үздіксіз қар тазалаумен болды. Алты техника теміржолдың қарын тазартса, бір техника қар жинауға жұмылдырылды. Қосымша Қандыағаш жол дистанциясынан РОТОР техникасын алдырып, ол да іске қосылды. Қазір тазалаған жолды әп-сәтте ұйтқыған жел қайта жауып тастап жатты. Үш-төрт тәулік бойы демалыссыз жұмыс істеген аймақ теміржолшыларының ерен еңбегіне баға жетпейді, мен өз әріптестеріме ризамын және мақтан етемін. Төтенше жағдайға төтеп беріп, барлық құрамды аман-есен өткіздік, жолаушылар пойызы да өтті, біз үшін бұл үлкен сынақ болды, – деді Никельтау жол дистанциясының бастығы Қайрат Танабергенов.

Дистанция бастығының мәлімдеуінше, боранды күндері Никельтау жол дистанциясынан 200-ден аса адам жол бойын тазартуға жұмылдырылған. Сонымен қатар Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінен екі вагонмен көмекке адамдар келіп, олар да табиғи сипаттағы төтенше жағдайда апаттың алдын алуға атсалысқан.

*Суретті түсірген автор*

### OQ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫ АШЫЛДЫ



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Amanat партиясының бастауыш ұйымы мүшелері осы партияның Астана қаласы Есіл аудандық филиалы өкілдерімен кездесті. Жиында партияның OQ қоғамдық қабылдауы ашылды.**

Кездесуге қатысқан партияның ҚТЖ бастауыш ұйымының төрағасы, компанияның бас инженері Батыр Котырев қатысушыларды толғандырған әлеуметтік бағыттағы сұрақтарына жауап беріп, олардың ұсыныстарын тыңдады. Партияның Есіл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Санира Жүсіпова биыл 5 қаңтардан бастап ұйым бастамасымен «Қарызсыз қоғам» жобасы жүзеге аса бастағанын жеткізді. Қаржылық сауаттылыққа үйрететін жобаның қазіргі таңда еліміз үшін маңызды екенін айтты. Аптасына бес күн 3 сағаттан оқытылатын сабақтар мекемелер қызметкерлері үшін ыңғайлы уақытта өтеді. Оған қатысқандарға сертификаттар беріледі. Сонымен қатар бизнес ашқысы келетін жастар үшін осы жоба аясында тегін оқыту курстары бар екенін мәлімдеді. Ондай курстарға екінші деңгейлі банктер демеушілік етеді. С.Жүсіпова ҚТЖ бастауыш партия ұйымының кабинеттерін аралап, ішкі жұмыстарымен танысты.

– Теміржолшылардың бастауыш партия ұйымының кабинеттері жоғары деңгейде жасақталған, бүкіл жағдай жасалған. Ардагерлері де белсенді. Сонымен қатар партия қатары жастармен де жаңаруда. «Жастар рухы» жастар қанатының өзіндік орны бар, партияластарыма белсенді қызметі үшін алғысымды білдіремін, – деді ол.

*Ұлан ОРАЗ*
*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ТҮЛКІБАСТАН ПАНА ТАПТЫ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

АЛҒЫС

**Оңтүстіктің қысы да ара-тұра қыр көрсетіп қоятыны рас. Әсіресе таулы-тасты Түлкібас өңірінде, әйгілі Шақпақ асуында қалың жауған қар мен ақ түтек бораннан биылдықка 4 рет автожолдар жабылған.**



Таңертең жайнап тұрған күн райының көзді ашып-жұмғанша күрт құбылып, айнала әп-сәтте ақ түтек боранға ұласуы – бұл аймақта үйреншікті жағдай. Салдарынан оңтүстік өлкедегі біршама автокөлік жолдары жабылып, тіпті ұшақтардың да ұшып-қонуы шегерілгені бар. Мұндайда жолаушылар ағыны теміржолға лап қояды. Сондықтан көпжылдық тәжірибеге сүйенетін түлкібастық теміржолшылар жағдайға тастүйін дайын отыруды әдетке айналдырған.

Өткен аптада «Алматы-Шымкент-Ташкент-Термез» автожолының Түлкібас ауданына қарасты Машат пен Жамбыл облысы аумағындағы Шақпақ ата асуында бірнеше күн төтенше жағдай орнады. Ақтүтек боран асуда жүздеген автокөліктерді қаңтарып, автобустардың жолаушылары Түлкібас станциясына тасымалданып, сол жерден пойыздарға отырғызылды.

«Биылғы қыстың өзінде әлгі екі асудағы қозғалыс 4 рет жабылды. Бұл соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш болды. Желтоқсан айында жолда қалған 200-ден астам, ал қаңтар айында «Шымкент-Тараз» бағытында 83 жолаушыны қарсы алып, діттеген жеріне жетуіне көмектестік. Олардың кейбірінде қаражаты тұрмақ, құжаты да жоқ болды. Біздің қызметкерлер оларға ыстық шәй мен жылы-жұмсағын беріп, тіпті билетін әперіп жолға салды. Алғыстарын айта-айта аттанды», – дейді Түлкібас вокзалының бастығы Бауыржан Рысқұлбеков.

Өткен аптадағы табиғаттың осындай «тосын сыйында» Түлкібастан пана тапқан бір топ азамат вокзал қызметкерлеріне деген алғысын жеткізуді бізге де аманаттап еді. Олар күндізгі және түнгі ауысымдағы вокзал қызметкерлері Жазира Жарылғапова мен Нағима Қаржаубаева, Манзура Әзімқызы мен Ақмарал Дауылбаева және Тойлыбай Тұрсынәлиевтің міндетін мінсіз орындаудағы адал бейнеті мен қонақжай пейіліне тәнті болғандарын жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

# «КІШІ ТҮРКСІБ» ҚАЙТА ЖАҢҒЫРМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

ИГІЛІК

**Семей темір жолы үшін биыл тағы бір тың жоба қолға алынатын болды. Қазақ теміржолының 120 жылдығына орай қайта құрылған облыстық әкімдіктің бастамасымен Ертіс ортасындағы Бейбітшілік аралына теміржол желісі тартылмақ.**

Өткенге тоқтала кетсек, осы аралда кезінде балалар теміржолы болған. Түрксібтің 50 жылдығына орай салынған жобаның тұсауын теміржолшылардың кәсіби мерекесі – 4 тамыз күні Семей бөлімшесінің сол жылдардағы директоры Қаныбек Ержанов бастаған теміржолшылар кескен екен. Ұзындығы 4,5 шақырымға созылған, бойында 5 «станциясы» бар теміржол балалар үшін нағыз думанды ортаға айналған-ды. Алайда, нарықтық өтпелі кезеңінде сол кездегі облыстық әкімдіктің қаржыландырудан бас тартуы себепті балалар теміржолы жабылып қалды. Жұмысшылары қысқартылып, ал теміржол желісі уақыт өте келе талан-таражға түскен-ді. Қазіргі күні ел аузында естеліктер ғана айтылады.

Міне, араға 30 жыл уақыт салып, сол желі қайта салынатын болды. Бүгінгі таңда үлкен аралдан арнайы жер бөлініп, топографиялық жұмыстар жүргізіліп, дизайнерлер мен архитекторлар іске кірісуде. Аталмыш шара қалалықтардың сүйікті демалыс орны саналатын Бейбітшілік аралын абаттандыру аясында жүргізілмек. Қайта салынатын «Кіші Түрксіб» теміржолының байырғы нұсқасынан біршама ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, жаңа желі қала ішімен, яғни Ертіс жағалауын бойлап, жаяу жүргіншілер көпіріне дейін салынбақ. Бұл бір себептен аралға апаратын көлік қатынасы мәселесін де шешеді деп күтілуде. Яғни пойыз қатынасы тек балаларға емес, қалалықтардың барлығына ортақ болмақ. Жаңа жобаны жергілікті билік қаржыландырады.

Айта кетерлігі, «Кіші Түрксіб» теміржолын іске қосу арқылы аралға қатынайтын автокөліктер нөпіріне шектеу қою көзделуде. Ондағы мақсат – ерекше табиғаты бар әрі тарихи мәнге ие арал келбетін сақтап қалу болып отыр. Мұнымен қоса облыстық әкімдік тарапынан электр энергиясымен жүретін заманауи «паровоз» да сатып алынған. Ал оған лайықталған арнайы вагондар даярлану үстінде, алдағы уақыттарда Семей станциясына жеткізілетін болады.

# ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІН ТҮЗУ АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

**ҚТЖ пойыздар қозғалысы кестесін түзудің автоматты нұсқасын енгізуде. Ол алғаш рет тасымалды басқарудың Солтүстік өңірлік орталығы бойынша Қырқыншы-Ерейментау және Қырқыншы-Қарағанды-Сұрыптау екі диспетчерлік телімінде енгізіліп отыр.**



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жоба 9 ай бойына жүзеге асырылады. Енді пойыз диспетчерлеріне қағазға қолмен кесте ресімдеудің, станция кезекшілеріне ДУ-2 станциялық журналын және кестенің тәуліктік жоспарын толтырудың қажеті жоқ. Пойыздар қозғалысы кестесін жүргізудің автоматтандырылған нұсқасын пайдалану ақпараттың жеделділігі мен дәйектілігін арттыруға, қағазсыз технологияны енгізуге, қозғалыс кестесін қолмен жасаудан бас тартуға мүмкіндік береді.

Аталған жоба екі кезеңде жүзеге асырылды. Біріншісінде сынақ Қырқыншы-Ерейментау телімінде өтті. Жұмыстың жаңа форматында алғаш жұмыс істегендер – Қырқыншы, Сарыоба, Еркіншілік, Едіге, Ерейментау станциялары бойынша кезекшілер болды. Екінші кезең пойыздар қозғалысы тығыз, күрделі телімдердің бірі – Қырқыншы-Қарағанды-Сұрыптау телімінде өтті. Бұл ретте №42 қосыны, Бабатай, Аршалы, Анар, Сарыбел, Ақтасты, Шоқай, Мырза, Нұра, Көкпекті және Қарағанды-Сұрыптау станцияларының кезекшілері мен пойыз диспетчерлері өздерінің жоғары кәсібиліктерін көрсетті. Автоматтандырылған жұмыс орындарын ұйымдастыру жұмыстары Қарағанды жол бөлімшесінің 7 станциясында жүргізілді. Пойыз диспетчерлерінің жұмыс орындары қосымша оргтехникамен жабдықталып, 85 маманға оқыту вебинарлары өткізілді.

Қазіргі таңда жоба Қарағанды-Сұрыптау-Құлайғыр диспетчерлік телімінде жүзеге асырылуда және оны Құлайғыр-Мойынты телімінде енгізу бойынша дайындық жұмыстары жасалуда.

– Осы жылдың алғашқы жартыжылдығының соңына дейін тағы 6 диспетчерлік телімде аталған жобаны енгізу көзделуде. Осылайша Солтүстік өңірлік орталықтың барлық жол бөлімшелері қамтылады. Ал екінші жартыжылдықта эстафетаны тасымалды басқару бойынша Оңтүстік және Батыс өңірлік орталықтарының диспетчерлік телімдері қабылдап алады. Бұл жұмыстар диспетчерлік аппараттың күрделі жұмыс бөлігін жою арқылы тасымал процесін басқару деңгейін арттыруға бағытталған, – дейді Қырқыншы-Қарағанды-Сұрыптау диспетчерлік телімінің Солтүстік өңірлік пойыздар қозғалысын басқару Өңірлік орталығының пойыз диспетчері Ақтайлақ Бұйрабеков.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# КӨРСЕТКІШТЕР КӨТЕРІҢКІ БОЛСА...

СҰХБАТ

**Кәсіпорынның қаржы-экономикалық көрсеткіштері негізінен қызмет көрсету арқылы тапқан табысына байланысты. Темір жолда ол тасымал арқылы көрінеді. Атырау қосалқы бөлімінің бүгінгі күнгі табысы, қаржылық жағдайы туралы бөлім бастығының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Мұрат Жүгінісов баяндайды.**

Қосүйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

**– Мұрат Терекбайұлы, былтырғы жылы бөлімшенің қаржылық жағдайы қалай болды, тасымал деңгейі қай деңгейден көрінді?**

– Қосалқы бөлімде табыс негізінен мұнай өнімдерінің тасымалы арқылы түсетінін білесіз. Жалпы елімізде пойыз тасымалына деген сұраныс та, қажеттілік те, мүмкіндік те көп қой. Былтырғы жылы негізгі қызметтен 79 млрд теңгеге жуық табыс тауып, жоспар 102%-ке орындалды. Оның ішінде пойыз тасымалынан түскен, локомотив тартымынан, қосымша жинақтан және қызметтің қосымша-көмекші түрінен түскен табыстар бар. Соңғысынан 866 млн теңгеден астам кіріс кірді. Ол бағытта біздің тауар кассирлері сырт мекемелерге қызмет көрсетеді, кеңсе жалға беріледі, т.б. Сондай-ақ ағымдағы ағыту-жөндеу қызметі арқылы да, яғни вагондарға қызмет көрсету-жөндеу негізінде жақсы қаржылық нәтижеге қол жеткізілді.

**– Ол көрсеткіштер жұмысшылардың табысына, еңбек жағдайына әсер ете ме?**

– Әрине. Қазірі таңда бөлімде 2262 адам еңбек етеді. Бүгінде жұмысшылардың орташа айлық еңбекақысы жоспар бойынша 417 248 теңге болса, іс жүзінде 506 846 теңгені құрады. Еңбек өнімділігі жүз пайызға жуық орындалып отыр. Зейнеткерлер де назардан тыс қалған емес. Еңбек шартына сәйкес берілуі тиіс материалдық төлемнің барлық түрі төленіп отыр. Мәселен, тек шипажайларда демалуға 52 зейнеткерге 8 млн 163 мың теңге бөлінді.

**– Зейнеткерлікке ерте шығу жайы қалай және олар қандай жәрдемақы ала алады?**

– «Жасына сәйкес салалық жәрдемақы» ережесіне сәйкес биылдан бастап кейбір мамандық иелеріне (машинист, пойыз құрастырушы, вагон қараушы, жолшы, т.б.) өз өтініші негізінде 55 жастан демалысқа шығуға компания мүмкіндік беріп отыр. Олар кемінде 208 мың теңге аралығында ай сайынғы жәрдемақы алады. Оларға ол төрт жерден: жұмыс беруші, әлеуметтік қор, БЖЗҚ және жеке жинағы арқылы төленеді.

Жалпы, айта кетерлігі, биыл АЕК көлемі 3692 теңгеге өсуіне байланысты жұмысшыларға да, зейнеткерлерге де көрсетілетін әлеуметтік қоржын көлемі де артып отыр. Мәселен жаңа ұжымдық шарт бойынша сәбилі болу, некеге тұру, мүгедектікке байланысты, т.т берілетін көмек бірнеше есеге өскен.

**– Былтырғы жылы жұмысшыларға қандай көмектер көрсетілді?**

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ комиссиясының шешімі бойынша былтыр 31 жұмысшыға 2 млн 119 мың теңге көмек берілді. Оған қоса ұжымдық шартпен қарастырылған сәбилі болғанға байланысты, мүгедек-балаларға, ауған ардагерлеріне, балаларды қорғау күні, 1 қыркүйек, отбасы күні, санаторийде демалуға, т.б. материалдық көмектер берілді. Шалғай станцияларда балаларға жаңажылдық ертеңгілік өтпейтіндіктен 687 балаға 1 млн 390 мың теңге көлемінде қаржы таратылды.

Қорыта айтқанда, өткен жылда барлығы 220 млн теңгеге жуық қаражат жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бөлінді. Қысқасы, экономикалық көрсеткіштер көтеріңкі болса, теміржолшылардың жағдайы да жақсара түспек.

# БОЛЖАМ – 5 МИЛЛИОН ТОННА

АЙМАҚ

**Былтыр Маңғыстау теміржолында жүк тасымалы айтарлықтай артқан. Алдыңғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштер едәуір жоғары. Өңірден тиеліп, тасымалданған жергілікті жүктер – Бейнеуден ұлутас, Шетпеден қиыршық тас, Ақтау портынан «КазАзот» тыңайтқышы және жергілікті құрылыс материалдарынан битум, т.т. көп шығарылған.**

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Осындай негізгі өнімдер мен өзге де жүктерді қосқанда жыл бойы 48 мыңға жуық вагон жергілікті жүк тиеліп, жөнелтілген. Жалпы, таратып айтсақ, түбек теміржолы арқылы өткен жылы 3 миллион тоннаға жуық, нақтысы 2 млн 941 мың тонна жүк тиеліп, күніне 199 вагонға дейін жүк түсірілген. Жоспар 171 вагон болған. Белгіленген жоспардың нақты іске асуы – 108,3 пайыз. Сондай көрсеткіштер есебінен жалпы жүк айналымы 110,6 пайызды құраған.

Құрық порты бағытында да жұмыс қыза түскен. Былтыр жыл он екі айда 700 кемемен жүк жөнелтіліпті. Бұл алдыңғы жылдан 72 кемеге артық. Жалпы бұл маршруттағы экспорт пен импорттық жүктер көлемі 2 млн 115 мың тоннаға жеткен. ТМТМ контейнерлік тасымалдау көлемі 86 пайызға өскен. Мұндай жоғары көрсеткіштерге жетуде өткен жылы Құрық портында іске қосылған көпфункциялы теңіз терминалы «Саржа» мен портқа дейінгі сұрыптау станциясының септігі мол болған. Аталған жаңа нысан ашылған қыркүйек айынан жыл соңына дейінгі төрт айда 400-ге жуық жабық вагон тиеліп, 4 кеме жөнелтілген.



Биыл бұл бағытта өсім өте жоғары, бір айдың өзінде, яғни қаңтарда 315 вагон жүк түсірілген.

– Құрық портында «МК Экспресс» оңтүстік кірме жолының іске қосылуы бұрын Ақтау портынан тапсырылатын жүктердің Құрық бағытына ауысуына септік етті. Осы «МК Экспресс», «Саржа» арқылы өтетін вагондар санын алдағы уақытта айына 500 вагонға дейін көтеру жоспарлануда. Сондай-ақ Құрықтан астық терминалы да ашылып жатыр. Қазір ондағы жұмыстар аяқталып қалды. Бұл терминалдың сыйымдылығы 60 мың тонналық қоймасы болады. Құрылыс пайдалануға берілгеннен кейін жүк айналымы тағы көбейеді, бірте-бірте 2, 4, 5 млн тоннаға дейін жетеді деген болжам бар. Жаңа бағыттар бойынша жұмыстар осылай оң көрсеткіштермен сипатталады. Ал «Ақбидай», «Солтүстік теңіз астық терминалдарында керісінше, бидайға сұраныс төмендегендіктен жүк жөнелту көлемі қысқарды. Маңғыстаудан тиелетін жүктер ішінде мұнай өнімдері мен құрылыс жүктерінің орны ерекше. Мәселен, былтыр мұнай өнімдерін тасымалдау жоспары 128 пайыз, құрылыс жүктері 103,3 пайызға орындалды, – деп мәлімет берді Маңғыстау қосалқы бөлімі логистика қызметінің басшысы Айбек Өтеков.

Бөлім басшысының ақпаратына сүйенсек, биылғы аяқ алыс та жаман емес. 2023 жылдың қаңтар айында ТМТМ маршруты бойынша 5 контейнерлік пойыз жөнелтілсе, биылғы бір айда ол екі еседен де артып, 13 пойыз жіберіліпті. Аталған маршруттың Маңғыстау бөлімі бойынша жылдамдығы тәулігіне 852 шақырымды құрайды екен.

– Алдағы мақсат – жүк тиеуді тағы да арттыру. Қазір бұл бағытта клиент тартуға жұмыс жүргізіп жатырмыз. Көктемге қарай жұмыс көлемі артады, құрылыс көбейеді, егістік басталады дегендей, сондықтан «КаспийЦемент», «КаспийБитум», «КазАзот» өнімдері мен қиыршық тас және ұлу тастардың сұранысы қазірден артып келеді, – дейді Айбек Өтеков.

Логистика бөлімі басшысының айтуынша қазір тасымалдау саласында тасымалдаушыға да, клиентке де оңтайлы жағдайлар қарастырылған. Заманауи технологияның жетістігі мен цифрландыру нәтижесінде жұмысты қамтамасыз ететін бағдарламалар тиімді жұмыс істеп тұр. Бұрынғыдай қағазбастылық жоқ, бәрі электронды түрде, компьютермен атқарылады. Есеп айрысуды да сол жерден төлеп, тасымалдағы шектеулер, тарифтер мен жеңілдіктер, басқа да қажетті мағлұматтарды үйден шықпай-ақ алуға болады.

*Суретті түсірген автор*

№16 (2946) 16/02/2024


# «ПЕРВИЧКИ» И ИХ ЛИДЕРЫ – ФУНДАМЕНТ ПРОФСОЮЗА

*(Начало на 1-й стр.)*



– Мы всегда открыты к диалогу, вашим предложениям и замечаниям. Как профсоюзные лидеры, вы знаете все чаяния работников на местах. И возложенная на вас ответственность дает право ставить вопросы перед руководством компании, чтобы мы, в свою очередь, принимали правильные решения, – сказал Канат Альмагамбетов. – Только благодаря прямой связи с вами и вашими руководителями можно добиться положительных результатов в выполнении поставленных задач, и самое главное – того, чтобы наши железнодорожники были довольны и гордились своей работой в компании ҚТЖ.

Председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев подчеркнул, что на сегодня у профсоюза сложились хорошие партнерские отношения с руководством компании и с руководителями линейных предприятий.

– Фундамент нашего профсоюза – это первичные профсоюзные организации и их лидеры. От вашей работы, компетентности, неравнодушия и активности зависят климат в коллективе и авторитет профсоюза. Чтобы выполнять функции, которые на вас возложены, нужны определенные знания, опыт, умение выстраивать коммуникацию с работниками и руководством предприятий. Мы постоянно проводим различные обучающие мероприятия, но форум такого формата и масштаба организован впервые. В течение трех дней мы максимально постараемся дать вам азы всех необходимых знаний. Будем считать, что это начало большой работы.

Руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимжаев и директор департамента по управлению человеческими ресурсами Сауле Истлеева пожелали участникам плодотворной работы и призвали их делиться полученными знаниями с коллегами на местах.

Программа форума была продумана до мелочей. Профсоюзные лидеры обучились эффективным коммуникациям, управлению конфликтами и эффективностью, стрессоустойчивости, обсудили изменения в трудовом законодательстве страны, социальном кодексе, а также нормы нового Коллективного договора, меры по противодействию коррупции и другие темы.

Директор департамента правового обеспечения АО «НК «ҚТЖ» Ильяс Ерназаров и старший HR-бизнес-партнер Асель Актау провели мастер-класс по пересборке, рассказав о главных тенденциях в развитии персонала, о том, как быть успешным в условиях постоянной нестабильности и грамотно адаптироваться к меняющимся обстоятельствам. Гибкость, умение быть на шаг впереди в вопросах обеспечения социальной стабильности и эффективности – важная задача каждого профсоюзного лидера, уверены спикеры.

– Вы влияете непосредственно на исполнение всех стратегических целей компании, вы большая и мощная сила, которая может поднять компанию на новый уровень, – обратилась к слушателям Асель Актау.

Большой интерес слушателей вызвал также диалог с приглашенным бизнес-тренером Ассоциации бизнес-тренеров Казахстана Гульмирой Багжаевой, которая рассказала о нововведениях трудового и социального кодексов РК, поделилась плюсами новых положений и развеяла устоявшиеся мифы в трудовых отношениях. Зарание изучив новый Коллективный договор на 2024-2026 годы, заключенный между АО «НК «ҚТЖ» и его трудовым коллективом, она отметила его ощутимые преимущества в сравнении с подобными документами других компаний. Участники разобрали кейсы, наиболее часто встречающиеся в работе с персоналом, обменялись мнениями и эффективными практиками.

HR-бизнес-партнер Алма Саулебаева рассказала, как грамотно выстраивать коммуникацию, а внешний тренер Жандильда Жакупов поделился секретами мастерства ведения переговоров и управления конфликтами.

